



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### ҚР Ұлттық қорының инвестициялық қызметіне қатысты кеңейтілген деректерді жариялау туралы

Астана қ.

2024 жыл, 23 ақпан

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашықтық пен айқындылық қағидатын басшылыққа ала отырып, сондай-ақ «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасының іске асырыла бастауын ескере келе, ҚҰБ [nationalbank.kz](http://nationalbank.kz) ресми интернет-ресурсының «Статистика» бөлімінде «ҚР Ұлттық қорының статистикасы» деген жаңа шағын бөлім құрылғанын хабарлайды.

Бұл бөлім Ұлттық қордың валюталық активтерін басқару нәтижелері туралы ақпараттан, сондай-ақ «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы бойынша міндеттемелеріне қатысты мәліметтерден тұрады. Сонымен бірге, Ұлттық қордың операциялары бойынша бұрын жарияланған ақпарат жаңа шағын бөлімге көшіріліп, Ұлттық қордың теңгедегі активтері туралы деректермен толықтырылады.

Жаңа шағын бөлімдегі [«Валюталық активтерді басқару нәтижелері» деген парақшада](#) қордың әр жылдағы пайыздық мәнмен берілген кірістілігі туралы мәліметтер қамтылады. Сондай-ақ арнайы графикада портфельдердің актуальды үлесі мен қаржы құралдарын типіне қарай қалай бөлінгені (активтердің аллокациясы) көрсетілген. Бұл беттегі ақпарат қордың әр жылдағы пайыздық кірісін дәйектейтін мәліметтер негізінде жыл сайын жаңартылып отырады.

[«Ұлттық қор – балаларға» бетінде](#) есепті жылы барлық баланың шотына есептелген Ұлттық қордан алынған ақша сомасы (есептелген нысаналы талаптар) туралы ақпарат көрсетіледі. Сондай-ақ осы бөлімде есепті жылы нақты төлем үшін БЖЗҚ-ға аударылған қаражаттың мөлшерін ашып көрсететін деректер жарияланады. Осы беттің статистикасы да нысаналы талаптарды есептеу және БЖЗҚ-ға төлемдерді жүзеге асыру фактісі бойынша жыл сайын жаңартылып отырады.

18 жасқа толған балаларға нысаналы талаптарды есептеу және төлем жүргізу ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген [Қағидаға](#) сәйкес жылына бір рет жүргізіледі.

Ұлттық қордың операциялары туралы ақпарат Ұлттық қордағы қазақстандық эмитенттердің қаржы құралдары туралы мәліметпен толықтырылып, енді [«Ұлттық қордың операциялары және қазақстандық эмитенттердің қаржы құралдары» бетінде](#) жарияланады. Ұлттық қордағы қазақстандық эмитенттердің қаржы құралдары теңгедегі үлестік және борыштық құралдарды қамтиды. Ұлттық қордағы қазақстандық эмитенттердің қаржы құралдары номиналды және әділ құнымен, сондай-ақ сатып алу бағасымен көрсетіледі. Осы беттегі ақпарат ай сайын жаңартылады.

Бұл ретте Ұлттық қордың валюталық активтері жөніндегі ай сайынғы деректер ҰБ ресми интернет-ресурсының «Статистика» – «Ақша-кредит және банк статистикасы» – «Монетарлық статистика» – [«ҚР Ұлттық қорының халықаралық резервтері мен валюталық активтері»](#) бөлімінде орналастырылады.

**Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:**

+7 (7172) 775 205

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)